

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
“МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ” РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



**«ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЗАТТЫҚ-  
ДАМУШЫ ОРТА» СТАНДАРТЫ**



Нұр - Сұлтан  
2019



## **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «Ерте жастағы балаларға арналған заттық-дамытушы орта» стандарты «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 1 қосымшасы) сәйкес әзірленген және мыналарға:

- 1) ерте жастағы балаларға арналған заттық дамытушы ортаны ұйымдастыруға;
- 2) ойын жабдықтарына психологиялық-педагогикалық;
- 3) отбасында ерте жастағы балаға арналған ойын аймағын құруға талаптарды анықтайды.

2. Осы стандартта мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

- 1) ерте дамыту – баланы туғаннан бастап үш жасқа дейін дене, зияткерлік және эмоционалдық дамытуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру;
- 2) заттық-кеңістіктік дамытушы орта – мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі;
- 3) ойын аймағы – логикалық топтастырылған элементтерімен баланың қауіпсіздігі сақталатын кеңістік;
- 4) ойын жабдықтары – өзінің қалауы мен ережесі бойынша жеке және топпен балалар бөлмеде немесе ашық алаңда ойнай алатын құрылымдық құрылғылар жиынтығы.

## **2 тарау. Ерте жастағы балаларға арналған заттық дамытушы ортаны ұйымдастыруға талаптар**

3. Мектепке дейінгі ұйымда заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыруда келесі нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алу қажет:

- 1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 1 қосымшасы);
- 2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын (ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығы);
- 3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы);

4) «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы);

5) Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормалары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтар № 70 бұйрығы);

6) Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу ережесі (ҚР БҒМ 2008 жылғы 10 маусымдағы № 337 бұйрығы).

4. Заттық кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастыруда ерте жастағы баланың жетекші әрекеті ойын екенін ескеру қажет.

5. Топтың заттық-кеңістіктік дамытушы ортасы мазмұны толық, өзгермелі, түрлі қызмет атқаратын, вариативті, қолжетімді және қауіпсіз болуы керек.

1) Мазмұны толық болуы – балалардың ойын, танымдық, шығармашылық, қимыл белсенділігі мен жағымды әлеуметтенуін қамтамасыз ететін материал мен жабдықтардың болуын және әртүрлі болуын қамтамасыз етеді.

2) Кеңістіктің өзгермелі болуы білім беру жағдайына сәйкес заттық-дамытушы ортаның өзгеруін қамтамасыз етеді. Қызық емес ойыншықтарды уақытша алып қою және қажетілігіне қарай ойын аймағына қайтадан әкелу.

3) Материалдардың түрлі қызмет атқаруы заттық ортаны құраушылардың соның ішінде балалар жиһазының, матрастардың, жұмсақ үлгілердің, шымылдық және басқалардың түрліше қолданылу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

4) Ортаның вариативтілігі балалардың еркін таңдауын қамтамасыз ететін мектепке дейінгі ұйымда түрлі кеңістіктердің (ойынға, құрастыруға арналған аймақтар) болуын қамтамсыз етеді.

5) Ортаның қолжетімділігі балалар әрекетінің негізгі түрлерін қамтамасыз ететін балалардың ойынға, ойыншықтарға, материалдарға, құралдарға еркін қолжетімділігінің мүмкіндігін анықтайды.

6) Заттық кеңістіктік дамытушы ортаның қауіпсіздігі оларды қолдануда сенімді болу мен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

6. Барлық жабдықтар баланы дамыту, тәрбиелеу, коммуникативтік, танымдық, жеке-әлеуметтік, қимылдық әрекетін ынталандыруы қажет.

7. Заттардың пішіні мен дизайны балалардың жасы мен қауіпсіздігіне бағытталған.

8. Безендіру элементтері жеңіл өзгертілетін болуы керек.

9. Балалардың қызығушылықтарына қарай жабдықтар аймақтарға бөлінуі қажет: баяу әрекет үшін жұмыс аймағы (ұйымдастырылған оқу қызметі, өнімді әрекет түрлері), ірі ойын құрылғыларымен белсенді қимылдарды қолдануға кеңістік және басқалары әрбір балаға қолжетімді болуы қажет.

10. Әрбір топта балалардың экспериментті әрекеті үшін орын қарастыру қажет.

11. Түсі жылы болуы қажет.

### **3 - тарау. Ойын жабдықтарына қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптар:**

12. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда ойыншық маңызды рөлге ие. Баланың ойындары мен айналасындағы ойыншықтардан оның зияткерлік және жеке дамуы, психологиялық саулығын қамтамасыз етуі, жағымсыз әсерлерден қорғануы тәуелді болады.

13. Балалардың жас және жеке ерекшеліктері ескеріліп, қимыл дағдыларын дамыту үшін ойын кеңістігінің аймағы жабдықталады.

14. Ойын кеңістігі балаларға зиянды әсерін тигізбейтін материалдармен жабдықталуы, олардың жас және жеке қажеттіліктеріне сәйкес болуы тиіс.

15. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың денсаулығына зиянсыз, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға жауап беретін және ылғалды өңдеу (жууға болатын) мен зарарсыздандыруға қауіпсіз екендігін растайтын құжаттары бар ойыншықтар қолданылуы керек.

16. Ерте жаста балаға тек жаңа ойыншықтар алынады. Баланың жарақаттануын болдырмау және ойыншықтарды таза ұстау мақсатында металдан жасалған және жұмсақ ойыншықтарды қолдануға болмайды (сәби оларды жиі аузына салады).

17. Ерте жастағы балаларға арналған жұмсақ және түкті ойыншықтарды дидактикалық құралдар ретінде ғана пайдалану керек.

18. Ойындар мен психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткен ойыншықтар психологиялық денсаулықты және жағымсыз әсерлерден (өнегесіздікпен және жәбір көрсетумен байланысты, жыныстық проблемаларға және т. б. зиянды әрекеттерге қызығушылықты тудыру) қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

19. Баланың жас және жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес топ бөлмелерінің кеңістігі жақсы шектелген бұрыштар түрінде ұйымдастырылуы қажет.

### **4 - тарау. Отбасында ерте жастағы балаға арналған ойын аймағын құруға талаптар:**

20. Отбасында бала үшін ойын аймағын құруға қойылатын талаптар:

- баланың ойыны үшін белгілі бір орын бөлу;
- ойын аймағында қолданылатын құрал-жабдықтар тұрақты болуы және мықты бекітілуі тиіс;
- ойын аймағында қоқыстар, артық ойыншықтар мен материалдар болмауы керек;
- ойын аймағында әртүрлі: ойын, танымдық-зерттеу, өнімді, қимылды әрекет түрлеріне арналған ойыншықтар мен материалдар болуы қажет.

21. Отбасында дамытушы ортаны құру кезінде қосымша материалдарды (балалармен ойындарда кеңінен қолдануға болатын әр түрлі

таяқшалар, пластикалық бөтелкелер, бүрлер, тастар) сақтауға арналған орын қарастырылуы қажет.

22. Баланы дамытушы орта үнемі өзгертіліп отыруы керек.

Баланың қызығушылығын тудырмайтын ойыншықтар уақытша жиналуы тиіс және қажет болғанда ойын аймағына қайта енгізіледі.

23. Ойыншықтар мен материалдар белгілі бір орында сақталуы тиіс. Баланы ойындардан кейін оларды өз орындарына жинауға үйрету керек.

